«Delta Bank»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысының
шешімімен бекітілген
(2012 жылдың «20» сәуіріндегі №45 хаттама)

Алматы, 2012

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

«Delta Bank» АҚ Жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар

«Delta Bank» АҚ Жарғысына келесі өзгертулер мен толықтыруларды енгізу:

1. «Банктің жарғылық және жеке капиталы» 11 бабының 1 тармағын келесі мазмұнда баяндау:

«1. Жарғылық капитал Банк қызметін қамтамасыз ету үшін жасалады және акцияларды орналастыру кезінде оларды төлеу арқылы қалыптастырылады.

Банктің жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қалыптастырылады.».

2. «Банк акционерлерінің құқықтары» 18 бабында:

1) 1 тармақтың 1) тармақшасын келесі мазмұнда баяндау:

«1) Банкті басқаруға Заңмен және (немесе) Банктің осы Жарғысымен көзделген тәртіпте қатысу;»;

2) 3 тармақты келесі мазмұнда баяндау:

«3. Осы баптың 1-ші және 2-ші тармақтарымен белгіленген акционерлер құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Осы баптың 1-ші тармағымен көзделген құқықтардан басқа акционерлер осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтарды иелене алады.».

3. «Банк акционерлерінің міндеттері» 19 бабында:

1) 1 тармақтың 2) тармақшасын алып тастау.

2) 2 тармақта «Акционерлер» сөзін «Ірі акционерлер» сөзіне ауыстыру.

4. 20 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«20 бап. Акцияларды иеліктен шығару құқығы. Банк акцияларымен мәмілелер жасау

1. Акционерлер өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иеліктен шығаруға құқығы бар.

2. Банк өз акцияларын сатуға ниеті бар акционерге Банктің немесе үшінші тұлғалардың акционердің ұсынған бағасынан жоғары баға бойынша оларды сатып алу туралы ұсыныс жасауға құқылы. Үшінші тұлғалардың мұндай жағдайда акцияларды сатып алуы кезінде акцияларды сатып алу туралы ұсыныс акциялардың саны, бағасы және сатып алушының деректемелері жөніндегі мәліметтерден тұруы тиіс.

3. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын немесе дауыс беретін акциялардың өзге санын сатып алуға ниеті бар тұлға дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге сатып алу нәтижесінде аталған тұлға дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен бірге Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын иеленгенде бұл туралы Банкті және уәкілетті органды оның белгілеген тәртібінде хабарландыруға міндетті. Хабарландыру сатып алынатын акциялардың саны, сатып алудың шамаланған бағасы туралы мәліметтерден және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған өзге мәліметтерден тұруы тиіс.

Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын немесе дауыс беретін акциялардың өзге санын сатып алған тұлға дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге сатып алу нәтижесінде аталған тұлға дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен бірге Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын иеленгенде сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында қалған акционерлерге тиесілі Банк акцияларын сату туралы оларға ұсыныс жариялауға міндетті. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты оларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап отыз күннен аспаған мерзімде қабылдауға құқылы.

Акционерлерге оларға тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныс Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын сатып алған тұлға немесе оның аффилиирленген тұлғалары туралы, аттарын (атауларын), тұрғылықты жерін (орналасқан жерін), оларға тиесілі

акциялар санын және Заңның 69 бабы 2 тармағына сәйкес анықталатын акцияларды сатып алудың шамаланған бағасын қоскандағы мәліметтерден тұруы тиіс.

Акционердің өзіне тиесілі акцияны сатуы туралы жазбаша келісімін алған жағдайда сатып алу туралы ұсыныс жариялаған тұлға отыз күн ішінде акцияларды төлеуге міндетті.

Осы тармақта көрсетілген акцияларды иемдену тәртібін сақтамағанда Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын иеленген тұлға (тұлғалар) Банктің дауыс беретін акцияларының жиырма тоғыз пайыздан асатын тиесілі акцияларының бөлігін өзімен (өздерімен) аффилиирленбеген тұлғалар пайдасына иеліктен шығурына міндетті.

Өзіне тиесілі акцияны сату туралы ұсынысқа жауап ретінде өтініш берген Банк акционері осы ұсынысты жариялаған тұлғаның акцияны сатып алудан бас тартуына сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

4. Банк акиялардың жарияланған саны шегінде акциялар шығарылымын бір немесе бірнеше рет орналастыру арқылы мемлекеттік тіркегеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы.

Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде оның акцияларын орналастыру туралы шешім Банктің директорлар Кеңесімен қабылданады.

Акцияларды орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығын акционерлердің іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сонымен қатар Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда Банк акцияларына айырбастау арқылы орындалады.

Акционер акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын иеліктен шығарғанда артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын немесе акцияларды сатып алуға өтінім беру үшін оған берілген отыз күнтізбелік күн ішінде аталған құқық, бұрынғы меншік иесі мұндай өтінім бермеген жағдайда, акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздардың жаңа иесіне өтеді.

Банктің директорлар Кеңесімен акцияларды орналастыру үшін белгіленген бағасы аталған акцияларды сатудың ең төменгі бағасы болып табылады.

Акционерлер акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес аталған акцияларды орналастырудың Банктің директорлар Кеңесімен белгіленген бірыңғай ең төменгі бағасы бойынша сатып алады.

Банк акциялары аталған орналастыру шегінде жазылу арқылы акцияларды сатып алатын барлық тұлғаларға бірыңғай баға бойынша сатылуы тиіс.

Банктің уәкілетті органы жарияланған акцияларды орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру шеңберінде акционерлерге ұсынылған бағадан бағасын түсіру арқылы орналастыру туралы бұрын қабылдаған шешім шарттарын өзгерту жөнінде шешім қабылдаған жағдайда Банк акционерлерге аталған акцияларды қайтадан артықшылықпен сатып алу құқығын береді.».

5. Келесі мазмұндағы 20-1 бабымен толықтыру:

«20-1 бап. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы

1. Банк орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен оларды ары қарай сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге мақсаттарда акционердің келісімімен сатып алуы мүмкін.

Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің акцияларды қор биржасында ашық сауда тәсілімен сатып алу жағдайын қоспағанда, тиісті тәртіпте бекітілген Банктің оларды сатып алу кезіндегі акциялар құнын анықтау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

2. Банктің бастамасымен Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы директорлар Кеңесінің шешімі негізінде орындалады.

3. Банк өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға:

1) акционерлердің бірінші Жалпы жиналысы өткізілгенге дейін;

2) құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары туралы бірінші есептілікті бекіткенге дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банк жеке капиталының мөлшері жарғылық капиталдың Заңмен белгіленген ең төменгі мөлшерінен азайса;

4) егер акцияларды сатып алу сәтінде Банктің Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігінің немесе мүмкінсіздігінің белгілері болса немесе аталған белгілер олардың бәрін сатып алу талап етілетін немесе сатып алуға шамаланған акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер сотпен немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен оны тарату жөнінде шешім қабылданса, құқығы жоқ.

4. Егер Банктің бастамасымен сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санынан бір пайызға асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) бекіткенге дейін ол өз акционерлеріне мұндай сатып алу туралы жариялауға міндетті.

Банктің өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыру сатып алынатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі және оларды сатып алу шарттары туралы мәліметтерден тұруы тиіс және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

5. Банк акционерлерінің сатып алуға өтініш білдірген орналастырылған акцияларының саны Банктің сатып алуға жариялаған акцияларының санынан асқан жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына шамалас сатып алынады.

6. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банк акционерінің талап етуімен орындалуы мүмкін, ол мына жағдайларда талап қоя алады:

1) акционерлер Жалпы жиналысының Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдауы (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс бергенде);

2) акционерлер Жалпы жиналысының Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдауы (егер акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;

4) ірі мәміле бекіту шешімімен және (немесе) осы Жарғымен белгіленген тәртіпте қабылданғандай бекітілуінде Банктің мүддесі бар мәміле бекіту туралы шешіммен келіспеуі;

5) осы Жарғыға аталған акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы акционерлер Жалпы жиналысының шешім қабылдауы (егер акционер мұндай шешім қабылданған акционерлер Жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе).

Банктің акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы Заңмен белгіленген тәртіпте бекітілген бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында Банктің оларды сатып алуында құнын анықтау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

7. Акционер осы баптың 6 тармағында көрсетілген шешімді қабылдаған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының Банк акцияларын делистингілеу туралы шешім қабылдаған күнінен бастап отыз күн ішінде Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке талап қоюына құқылы.

Аталған өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде Банк акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

8. Банк акционерлерінің сатып алуға өтініш білдірген орналастырылған акцияларының саны Банктің сатып алатын акциялар санынан асқан жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына шамалас сатып алынады.

Банктің сатып алатын орналастырылған акцияларының саны Заңмен белгіленген мөлшерден аспауы тиіс.

Банкпен сатып алынған акциялар оның акционерлері Жалпы жиналысының кворумын анықтағанда ескерілмейді және оған дауыс беруге қатыспайды.».

6. 21 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«21 бап. Эмитент бағалы қағаздарын және өзге ақшалай міндеттемелерін Банктің жай акцияларына айырбастау.

1. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

2. Акцияларға айырбасталатын Банктің бағалы қағаздарды шығаруы Банктің жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде жол беріледі.

3. Банктің бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары, мерзімдері және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығарудың проспектісінде көрсетіледі.

4. Бағалы қағаздар мен Банк кредиторлары алдындағы өзге ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айырбастау келесі құжаттардың бірі:

1) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасымен көзделген тәртіпте қабылданған Банктің қайта құрылымдалу жоспары;

3) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасымен көзделген тәртіпте қабылданған Банк төлем мүмкіндігі жоқ борышкер болып табылса, оңалу жоспары негізінде орындалады.

5. Бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына аталған бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі негізінде айырбастауда акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығы, егер Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды бұрын орналастыруда акционерлерге аталған бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығы берілген болса, Банк акционерлеріне беріледі.

6. Банк активтері мен міндеттемелерін қайта құрылымдау реті шеңберінде бағалы қағаздарды Банк акцияларына айырбастаған жағдайда немесе егер Банк төлем мүмкіндігі жоқ борышкер болса, Банктің оңалу процесінде Банк бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы Банк акцияларын орналастыруда оның акционерлеріне артықшылықпен сатып алу құқығы берілмейді.

7. Банктің бағалы қағаздарды өзінің жай акцияларына айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алушы тұлғалар Қазақстан Республикасының қызметтің сәйкес түрін жүргізетін Банк акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлаған тұлғаларға) қатысты заңнамалық актілерімен белгіленген талаптарын сақтаған жағдайда Банк мұндай айырбастауды жүргізуге құқылы.

Бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастау уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен көзделген жағдайларда тиым салынады.».

7. 24 баптың 1 тармағы 4) тармақшасын келесі мазмұнда баяндау:

«4) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге органдар.».

8. 26 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«26 бап. Акционерлер Жалпы жиналысының құзіреті

1. Акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне мына мәселелер кіреді:

1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративті басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе оны тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;

6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрінің акциялардың екінші түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұндай ауыстырудың тәртібі мен шарттарын анықтау;

8) есеп комиссиясының сандық құрамы мен уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) директорлар Кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар Кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығындарының өтемақысын төлеу шарттары мен мөлшерін анықтау;

10) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

12) есеп берілетін қаржы жылына Банктің таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтерден жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысу туралы немесе өзге заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерді ескерту үлгісін анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім құабылдау;

17) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банктің акцияларды сатып алуында олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгертулерді бекіту;

18) акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат берудің тәртібін анықтау, сондай-ақ егер Банк Жарғысымен анықталмаған болса, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

20) Заңмен акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылатын өзге мәселелер бойынша шешім қабылдау.

2. Осы баптың 1 тармағы 1)-3) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан білікті көпшілігімен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері егер осы Жарғымен өзге мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті дауыстардың көпшілік саны белгіленбесе, дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан көпшілік жай дауыстармен қабылданады.

3. Егер басқасы осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен көзделмесе, акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзіреті, басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Банк қызметкерлерінің құзіреті бойынша шешім қабылданатын мәселелерді беруге жол берілмейді.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.».

9. 30 және 31 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«30 бап. Банктің директорлар Кеңесі

1. Банктің директорлар Кеңесі осы Жарғымен акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа Банк қызметіне жалпы басшылық жүргізеді.

2. Банктің директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау директорлар Кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, дауыс беру үшін бюллетеньдерді пайдалана отырып акционерлердің кумулятивті дауыс беруі арқылы жүргізіледі.

Кумулятивті дауыс беру бюллетені келесі графалардан тұруы тиіс:

1) директорлар Кеңесінің мүшелігіне үміткерлер тізімі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) директорлар Кеңесі мүшелігіне үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Кумулятивті дауыс беру үшін бюллетеньге дауыс берудің «қарсы» және «тартындым» нұсқаларын енгізуге тиым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша директорлар Кеңесінің мүшелігіне бір үміткерге дауыс беруге немесе бірнеше үміткерлер арасында дауысты бөлуге құқылы. Директорлар Кеңесіне сайланған болып ең көп дауыс жинаған үміткерлер саналады. Егер директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан көп үміткер дауыстардың тең санын жинаса, бұл үміткерлерге қатысты акционерлерге тең дауыс жинаған үміткерлерді көрсете отырып, кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін беру арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

3. Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің уәкілеттік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар Кеңесінің уәкілеттік мерзімі осы Жарғымен және Заңмен көзделген тәртіпте Банк директорлары Кеңесінің жаңа құрамы сайланатын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтіне бітеді.

4. Акционерлер Жалпы жиналысының шешімімен Банктің директорлар Кеңесі кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Директорлар Кеңесі мүшесінің уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі. Директорлар Кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің уәкілеттігі Банк директорлары Кеңесінің барлық мүшелері уәкілеттік мерзімінің аяқталуымен біруақытта бітеді.

5. Директорлар Кеңесі мүшесінің уәкілеттігін оның бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтату директорлар Кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде орындалады. Директорлдар Кеңесінің бұл мүшесінің уәкілеттігі аталған хабарландыруды директорлар Кеңесі алған сәттен тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы баптың 13 тармағымен белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда директорлар Кеңесі өзінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

6. Банк директорлары Кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға бола алады. Директорлар Кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген қызметтерді орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) акционер – жеке тұлғалардан;

2) акционерлердің өкілдері ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан;

3) акционерлердің өкілдері ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған және Банктің акционері болып табылмайтын жеке тұлғалардан сайланады.

7. Басқарма Төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Банктің директорлар Кеңесінің мүшелері бола алмайды.

8. Банк директорлары Кеңесінің мүшесі лауазымына банктер туралы Заңмен қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін тұлға тағайындалмайды (сайланбайды).

9. Банктің директорлар Кеңесінің Төрағасы ашық дауыс беру арқылы Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан олардың ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Банктің директорлар Кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сонымен қатар осы Жарғымен анықталған өзге қызметтерді орындайды.

10. Директорлар Кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен немесе директорлар Кеңесі жаңа мүшесінің, ішкі аудит Қызметінің, Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның, Банктің ірі акционерінің талабымен шақырылады.

11. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарландыру жіберу тәртібі директорлар Кеңесімен анықталады.

12. Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесінің Төрғасын Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарландыруға міндетті.

13. Банк директорлары Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум бір тәуелсіз директорды қоса санда Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.

14. Директорлар Кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие.

Банк директорлары Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік жай дауыспен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Банктің директорлар Кеңесі Төрағасының даусы немесе директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

15. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған директорлар Кеңесінің шешімдері отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде директорлар Кеңесі отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

16. Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасына директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық етуші тұлға және отырыс хатшысы қол қояды.

17. Банк директорлары Кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер бетпе-бет отырыс өткізбей-ақ сырттай дауыс беру арқылы немесе директорлар Кеңесінің отырысына қатысып отырған Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге сырттай дауыс беру арқылы (аралас дауыс беру) қабылдануы мүмкін.

Банктің директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін және аралас дауыс берумен Банк директорлары Кеңесінің отырысын өткізу үшін

Банк директорлары Кеңесінің мүшелеріне біртекті үлгіде дауыс беру үшін бюллетеньдер таратылады. Сырттай дауыс беру үшін бюллетень:

-Банктің толық атауы мен орналасқан жерінен;

- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банк директорлары Кеңесінің отырысын шақырушы бастамашы туралы мәліметтерден;

- сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді берудің түпкілікті күнінен;

- Банктің директорлар Кеңесі отырысының даусын есептеу күнінен;

- егер сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің директорлар Кеңесінің күн тәртібі Банк Басқармасының мүшелерін сайлау туралы мәселелерден тұрса, сайлауға түсуге ұсынылатын үміткерлердің атынан;

- дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасынан;

- «ия», «қарсы» және «тартындым» сөздерімен көрсетілген, сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Банк директорлары Кеңесінің отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқаларынан;

- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банк директорлары Кеңесінің отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетень толтыру) түсіндіруден тұруы тиіс.

Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге Банктің директорлар Кеңесі мүшесінің жеке басын куәландыратын құжат мәліметтерін көрсете отырып оның қолы қойылуы тиіс. Банктің директорлар Кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады. Дауыстарды санағанда Банктің директорлар Кеңесі мүшесінің бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының бірін белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Сырттай дауыс беру және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворумның болған жағдайында қабылданған деп саналады. Директорлар Кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделіп (директорлар Кеңесінің шешімі), директорлар Кеңесінің төрағасы және хатшысы қол қоюы тиіс.

18. Директорлар Кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер Банк мұрағатында сақталады. Директорлар Кеңесінің хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талабымен оған директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) Банктің уәкілетті қызметкерінің қойылған қолымен және Банктің мөр таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімдерден үзінді көшірмелер беруге міндетті.

19. Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын беріледі. Банктің тиімді және оңтайлы қызмет етуі мақсатында жедел шешім қабылдау үшін ерекше жағдайларда материалдар директорлар Кеңесі отырысы басталғанға дейін отырыс күні беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүддесі бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселені қараған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерден, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда бағалаушының есептілігінен тұруы тиіс.

31 бап. Банк директорлары Кеңесінің құзіреті

1. Директорлар Кеңесі осы Жарғымен оның құзіретіне жатқызылған Банк қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне мына мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын, оның ішінде Банктің даму стратегиясын, Банктің даму жоспарын, Банк бюджетін бекіту арқылы анықтау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (сату) бағасы мен тәсілі туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу туралы, сатып алынатын бағасы туралы шешім;

5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Банк облигациялары мен шығарылатын бағалы қағаздар шығарылымының шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару жөнінде шешім қабылдау;

7) Банк Басқармасының сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне төленетін лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы шарттарын анықтау;

9) ішкі аудит Қызметінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит Қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит Қызметінің қызметкерлеріне төленетін еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін және шарттарын анықтау;

10) корпоративті хатшыны тағайындау, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның уәкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративті хатшының лауазымдық еңбекақы мөлшерін және сыйлықақы шарттарын анықтау;

11) қаржы есептілігіне аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Банк акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалу бойынша бағалаушының көрсеткен қызметіне төлем мөлшерін анықтау;

12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында орындаушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа), сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын жаздыру мен аукциондар өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;

14) басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыздағы акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлері (қатысушылары) Жалпы жиналысының құзіретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

16) Банк міндеттемелерін оның жеке капиталының он және одан көп пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;

17) Банк директорлары Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

18) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) ірі мәмілелерді және жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

20) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

21) акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын, Заңмен көзделген өзге мәселелер.

3. Тізімі осы баптың 2 тармағымен белгіленген мәселелер шешу үшін Банк Басқармасына берілмейді.

4. Директорлар Кеңесі Банктің осы Жарғысына сәйкес директорлар Кеңесінің құзіретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сонымен қатар Банк акционерлері Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5. Директорлар Кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүмкін болатын мүдделер қайшылығын, оның ішінде Банктің меншігін заңсыз пайдалану мен жасалуында мүддесі бар мәмілелерді бекітуде теріс пайдаланушылықты қадағалау мен мүмкіндігінше жоюы;

2) Банкте корпоративті басқарудың тиімді тәжірибесіне бақылау жүргізуі тиіс.».

10. Келесі мазмұндағы 31-1 бабымен толықтыру:

«31-1. Банк директорлары Кеңесінің комитеттері

1. Ең маңызды мәселелерді қарау мен директорлар Кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Банкте мына мәселелер:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер бойынша директорлар Кеңесінің Комитеттері құрылады.

Банктің ішкі құжаттарымен өзге мәселелер бойынша директорлар Кеңесінің Комитеттерін құру көзделуі мүмкін.

2. Директорлар Кеңесінің комитеттері белгілі бір Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар директорлар Кеңесінің мүшелерінен және сарапшылардан тұрады.

Директорлар Кеңесінің Комитетін Директорлар Кеңесінің бір мүшесі басқарады. Осы баптың 1 тармағы бірінші бөлігінде көрсетілген Директорлар Кеңесі Комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып тәуелсіз директорлар табылады.

Басқарма Төрағасы Директорлар Кеңесі Комитетінің Төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар Кеңесінің Комитеттерін қалыптастыру мен жұмыс істеу тәртібі, сонымен қатар олардың сандық құрамы Директорлар Кеңесімен бекітілетін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.».

11. 32 баптың 6 тармағы бесінші бөлігіндегі бірінші сөйлемді келесі мазмұнда баяндау:

«Банк Басқармасы отырысының хаттамаларын жүргізу міндетті болып табылады және Басқарма хатшысымен орындалады.».

12. 33 баптың 2 тармағында:

1) 1) тармақшаны келесі мазмұнда баяндау:

«1) Банктің даму стратегиясының жобаларын, Банктің бюджетін, Банктің ұйымдастырушылық құрылымын алдын ала қарастырады және Банк директорлары Кеңесінің бекітуіне шығарады;»;

2) 3) тармақшаны алып тастау.

13. IV Бөлімде:

1) Бөлімнің атауын келесі мазмұнда баяндау:

«IV Бөлім. Банктің қаржылық есептілігі және аудиті. Банктің ақпарат ашуы. Ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді бекіту тәртібі»;

2) 37 баптың 3 тармағында бірінші абзацтан кейін келесі мазмұндағы абзацпен баяндау:

«Жасалуында мүдде бар ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме хатында ашылады. Нәтижесінде Банк активтерінің мөлшерінен он және одан көп пайыз сомаға мүліктің сатып алынған немесе иеліктен шығарылған мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімдері мен шарттары, сипаты мен тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі туралы мәліметтерден, сонымен қатар мәміле туралы өзге деректерден тұруы тиіс.»

3) 39 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«39 бап. Банктің ақпарат ашуы

1. Банк өз акционерлері мен инвесторларына келесі корпоративті оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға хабарлануы тиіс мәселелер тізімі бойынша акционерлер жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері;

2) Банктің акциялар мен басқа бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептіліктерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептіліктерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелерді және жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді бекітуі;

4) Банк активтерінен бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруге;

5) Банктің өзінің капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде заем алуы;

6) Банктің қызметтің қандай да бір түрімен айналысуға лицензия алуы, Банктің қызметтің қандай да бір түрімен айналысуға бұрын алған лицензиясының әрекетін тоқтату;

7) заңды тұлғаны құруға Банктің қатысуы;

8) Банк мүлкіне тиым салуы;

9) теңгерімдік құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылатын төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

10) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартуы;

11) корпоративті дау бойынша істің сотта қозғалуы;

12) Банкті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;

13) Банк жарғысына, сонымен қатар Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүддесін қозғайтын өзге жағдайлар.

2. Ақпаратты орналастыру бұқаралық ақпарат құралдары – «Жас Алаш» немесе «Егемен Қазақстан», «Экспресс К» немесе «Деловой Казахстан» газеттерінде және/немесе Банктің Интернет желісіндегі ресми WEB-сайтында (www.deltabank.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жариялау арқылы орындалады.

3. Банк акционерлер мен инвесторлардың мүддесін қозғайтын ақпаратты мына жолдармен ашады:

1) уәкілетті органға ақпарат беру;

2) сауда-саттық ұйымдастырушысына аталған сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат беру;

3) Банктің Интернет желісіндегі ресми сайтында (www.deltabank.kz) ақпаратты орналастыру;

4) осы баптың 2 тармағымен анықталған тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

5) тиісті материалдарды көшіру және/немесе шығару құқығынсыз ақпаратпен Банк ғимаратында танысу мүмкіндігін беру;

6) ҚР заңнамасымен тиым салынбаған өзге тәсілдер.

4. Банк интернет-қорда Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептіліктің депозитарийін, корпоративті оқиғалар жөніндегі ақпаратты, тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

5. Банк қор биржасына оның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте қор биржасының интернет-қорында жариялау үшін барлық корпоративті оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті береді.

6. Банк уәкілетті органға өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін, сонымен қатар олармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты және тізімі, тәртібі және берілу мерзімдері (мерзімділігі) Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған өзге ақпаратты береді.

7. Кредиторлар мен акционерлерді ақпараттандыру мақсатында Банк Директорлар кеңесі ірі мәміле бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік және орыс тілінде Банктің Интернет желісіндегі ресми WEB-сайтында (www.deltabank.kz) мәміле туралы хабарламаны жариялауы міндетті.

8. Корпоративті дау бойынша істің сотта қозғалуы туралы ақпарат акционерлерге корпоративті дау бойынша азаматтық іс бойынша Банктің тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен ақпаратты жариялаудың (акционерлерге хабарлаудың) өзге мерзімдері көзделмесе, өзге ақпарат оның шыққан күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлерге хабарланады).

9. Банк қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Банк қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізілуді қамтамасыз етеді.

10. Акционердің жазбаша талабы бойынша Банк оған осы Жарғымен және Заңмен көзделген құжаттар көшірмелерін Банкке мұндай талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей (барлық өзгерістері мен толықтыруларымен бірге жарғы көшірмесін – 3 жұмыс күнінен кешіктірмей) беруге міндетті.

Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараттан тұратын Банктің бағалы қағаздарын шығару, орналастыру және айырбастау сияқты жеке мәселелерді реттейтін құжаттар акционердің талап етуі бойынша оның танысуына берілуі тиіс.

Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияға жататын өзге ақпарат (құжаттар) акционерге оның жазбаша өтініші және акционер өтінішімен берілетін Басқарма Төрағасының (немесе оны ауыстыратын тұлғаның) рұқсат ететін қарары негізінде Банк

ғимаратында акционерге ақпараттың тиісті көзін көшіру және/немесе шығару құқығынсыз тиісті құжаттармен танысу құқығын беру түрінде берілуі мүмкін.

Банктік құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес ашылады.

11. Мүдделі тұлғаның жазбаша талабы болған жағдайда Банк оған осы Жарғыға кейіннен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды қоса отырып, онымен танысу мүмкіндігін береді.»;

4) 40 бапты келесі мазмұнда баяндау:

«40 бап. Банктің лауазымды тұлғаларының және ірі қатысушыларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

1. Банктің лауазымды тұлғалары мен ірі қатысушылары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты Заңның 67 бабы 3 тармағымен белгіленген мерзімде береді. Осы тармақта көрсетілген тұлғалар аффилиирленгенінің өзгерген және/немесе толықтырылған күнінен бастап 7 күн ішінде Банкке мұндай өзгеріс және/немесе толықтыру көрсетілген жазбаша хабарламаны жібереді.

2. Лауазымды тұлғалардың және ірі қатысушылардың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты алу үшін Банк лауазымды тұлғалар мен ірі қатысушылардың мекен-жайына тиісті жазбаша хабарлама жібереді және (немесе) Жарғының 39 бабы 1 тармағымен анықталғандай бұқаралық ақпарат құралдарында тізімді, ақпаратты, ақпаратты берудің мерзімі мен пішінін көрсете отырып хабарландыруды жариялайды.».

5) келесі мазмұндағы 40-1 бабымен толықтыру:

«40-1 бап. Банктің аффилиирленген тұлғаларының жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелер туралы ақпаратты беру тәртібі

1. Қоғамның мәміле бекітуде мүддесі бар тұлғалары (ары қарай – мүдделі тұлғалар) болып, егер олар:

1) мәміле тарапы болып табылып немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысса;

2) мәміле тарапы болып табылатын немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болса, Банктің аффилиирленген тұлғалары болып танылады.

2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген тұлғалар Банктің Директорлар кеңесіне мына ақпаратты:

1) олардың мәміле тарапы болып табылатындығы немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) өздері аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, сондай-ақ дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге дауыс беруші акцияларының (үлесінің, пайының) он және одан көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы және органдарында лауазым иеленген заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін, жасалатын немесе жасалуы шамаланған өздеріне белгілі болған мәмілелер туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген тұлғалар Директорлар кеңесіне осы Жарғының 40-2 бабы 3-4 тармақтарына сәйкес бекітілетін мәмілелерді қоспағанда – мұндай мәмілелер туралы есеп беру Директорлар кеңесіне осы Жарғының 40-2 бабы 5 тармағына сәйкес хабарланады, осы баптың 2 тармағында көрсетілген мәмілелер туралы ақпаратты Банктің Директорлары кеңесінің мекен-жайына растаушы құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, мәміле мәні мен мерзімдері, талаптары туралы жазбаша ескертуді жіберумен тараптардың мәміле бекіткен күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландыруға міндетті.»

6) келесі мазмұндағы 40-2 бабымен толықтыру:

«40-2 бап. Банктің ерекше шарттар белгіленген мәмілелер бекітуі

1. Өз қызметінде Банк Заңның, сонымен қатар ірі мәміле, аффилиирленген тұлғалармен байланысты мәмілелер және жасалуында мүддесі бар мәмілелер бекітуге қойылатын банктер туралы Заңның талаптарын ұстанады.

2. Банктің ірі мәміле/байланысы бар және аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер бекіту туралы шешім Банктің Директорлар кеңесімен қабылданады. Банктің жасалуында мүддесі бар мәмілелер бекіту туралы шешімі жасалуында мүддесі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен Директорлар кеңесімен қабылданады, бірақ:

1) Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының жетіспеушілігі салдарынан мұндай мәмілені бекіту туралы Директорлар кеңесінің шешім қабылдау мүмкіндігі жағдайлары қосылмайды.

Мұндай жағдайда жасалуында мүддесі бар мәміле жасалуында мүддесі жоқ акционерлердің көпшілік даусымен акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады.

Банк жасалуында мүддесі бар мәмілені бекітуде Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылса, мәмілені бекіту туралы шешім Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленуші барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыспен акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады. Бұл ретте акционерлердің Жалпы жиналысына негізді шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттарды қоса отырып) беріледі.

Осы Жарғының 40-2 бабының осы тармағымен белгіленгендей жасалуында мүддесі бар мәмілелерді бекіту тәртібі осы Жарғының 40-2 бабы 3-4 тармақтарымен көзделген жағдайларда қолданылмайды.

3. Заңның 73 бабы 4 тармағына сәйкес жасалуында мүддесі бар мәмілелердің жекелеген түрлері болып табылатын (Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалармен жасалатын мәмілелер) және бекітуіне өзге тәртіп белгіленген мәмілелерге мыналар жатады:

- депозиттер тарту;
- банктік шоттар ашу;
- есептік-кассалық қызмет көрсету;
- басқа да банктік және Банк үшін несиелік тәуекелдерді туындатпайтын Банк үшін рұқсат етілген өзге операциялар.

Аталған мәмілелер жеңілдік шарттарын берусіз Банктің ағымдық қызметі шеңберінде бекітіледі.

4. Директорлар кеңесі жасалуында мүдделілік бар және Банктің ағымдық қызметі шеңберінде бекітетін осы Жарғының 40-2 бабы 3 тармағында көрсетілген мәмілелерді (Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы) бекітуде алдын ала мақұлдау туралы шешім қабылдауға құқылы. Алдын ала мақұлдауда Директорлар кеңесі мәмілелер көлемінің шектелімін (мәмілелер жалпы сомасының барынша мөлшерін), мәмілелер тізімін, мәмілелер бекітілуі мүмкін контрагенттер тізімін, өзге шарттарды белгілеуге құқылы.

5. Басқарма Директорлар кеңесінің бекітуіне мәмілелердің барлық өлшемдерін көрсете отырып, есептік айға осы Жарғының 40-2 бабының 3-4 тармақтарына сәйкес бекітілген, жасалуында мүдделілік бар мәмілелер (Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы) туралы ай сайынғы есептілікті беруге міндетті.

6. Ірі мәміле/аффилиирленген тұлғалармен байланысты мәмілелер/жасалуында мүддесі бар мәмілелер бекітуде Заңмен, банктер туралы Заңмен және осы Жарғымен көзделген талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың талабы бойынша аталған мәмілелерді сот тәртібінде жарамсыз деп тануға алып келеді.».

Басқарма Төрағасы **Н.А. Самзаев**

30 ИЮЛ 2012 200__г., Я, Никитенко Ю.А.
...ариус города Алматы, действующий на основании гос. лицензии
...00319 от 23.12.2005 г., выданной Комитетом по организации правовой
...мощи и оказанию юридических услуг населению МЮ РК, свидетельствую
...ность этой копии с подлинником документа. В последнем подчисток,
...писок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-
...о особенностей не оказалось.
...регистрировано в реестре за № 1-9267
...мма, оплаченная нотариусу 3200 тенге
...тариус

НИКИТЕНКО ЮЛИЯ АНАТОЛЬЕВНА
ЛИЦЕНЗИЯ № 0000319
23 ЖЕЛТОКСАН 2005 ЖЫЛ
ҚР ӨМ ХАЛЫҚҚА ҚҰҚЫҚТЫҚ
КӨМЕК ЖӨНЕ ЗАҢГЕРЛІК
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ БЕРІЛГЕН
ВЫДАНА 23 ДЕКАБРЯ 2005 ГОДА
КОМИТЕТОМ ПО ОРГАНИЗАЦИИ
ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ И
ОКАЗАНИЮ ЮРИД. УСЛУГ
НАСЕЛЕНИЮ МЮ РК
НОТАРИУС

Delta Bank
"Delta Bank" АҚ / АО "Delta Bank"
Жарак
НОМІРЛЕНТЕН ЖӘНЕ БАЛАНҒАН
ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
на 13 листах

Пронумеровано и прошнуровано
на 14 (четырнадцати) страницах
Нотариус
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ
«DELTA BANK» АҚ
РЕСПУБЛИКА
Delta Bank
АО «D...
НИКИТЕНКО ЮЛИЯ АНАТОЛЬЕВНА
ЛИЦЕНЗИЯ № 0000319
23 ЖЕЛТОКСАН 2005 ЖЫЛ
ҚР ӨМ ХАЛЫҚҚА ҚҰҚЫҚТЫҚ
КӨМЕК ЖӨНЕ ЗАҢГЕРЛІК
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ БЕРІЛГЕН
ВЫДАНА 23 ДЕКАБРЯ 2005 ГОДА
КОМИТЕТОМ ПО ОРГАНИЗАЦИИ
ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ И
ОКАЗАНИЮ ЮРИД. УСЛУГ
НАСЕЛЕНИЮ МЮ РК
НОТАРИУС

ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «Delta Bank»

Утверждены решением
Годового Общего собрания акционеров
(Протокол от 20 апреля 2012 года № 45)

Алматы, 2012

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Изменения и дополнения в Устав АО «Delta Bank»

Внести следующие изменения и дополнения в Устав АО «Delta Bank»:

1. Пункт 1 статьи 11 «Уставный и собственный капиталы Банка» изложить в следующей редакции:

«1. Уставный капитал образуется для обеспечения деятельности Банка и формируется посредством оплаты акций при их размещении.

Уставный капитал Банка формируется в национальной валюте Республики Казахстан за счет продажи акций, за исключением случаев, установленных действующим законодательством Республики Казахстан.».

2. В статье 18 «Права акционеров Банка»:

1) подпункт 1) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«1) участвовать в управлении Банком в порядке, предусмотренном Законом и (или) настоящим Уставом Банка;»;

2) пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. Не допускаются ограничения прав акционеров, установленных пунктами 1 и 2 настоящей статьи.

Помимо прав, предусмотренных пунктом 1 настоящей статьи, акционеры могут иметь и другие права, предусмотренные настоящим Уставом.».

3. В статье 19 «Обязанности акционеров Банка»

1) подпункт 2) пункта 1 исключить.

2) в пункте 2 слово «Акционеры» заменить на слова «Крупные акционеры».

4. Статью 20 изложить в следующей редакции:

«Статья 20. Право на отчуждение акций. Совершение сделок с акциями Банка

1. Акционеры имеют право отчуждать принадлежащие им акции без согласия других акционеров в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2. Банк вправе сделать предложение акционеру, желающему продать свои акции, об их покупке Банком или третьими лицами по цене, превышающей цену, предложенную акционером. При приобретении в таком случае третьими лицами акций, предложение о покупке акций должно содержать сведения о количестве акций, цене и реквизитах покупателей.

3. Лицо, самостоятельно или совместно со своими аффилиированными лицами имеющее намерение приобрести на вторичном рынке ценных бумаг тридцать или более процентов голосующих акций Банка либо иное количество голосующих акций, в результате приобретения которого данному лицу самостоятельно или совместно с его аффилиированными лицами будет принадлежать тридцать или более процентов голосующих акций Банка, обязано направить уведомление об этом в Банк и в уполномоченный орган в установленном им порядке. Уведомление должно содержать сведения о количестве приобретаемых акций, предполагаемой цене покупки и иные сведения, определенные нормативными правовыми актами уполномоченного органа.

